



№14 (1796)
10 сәуір
2021 жыл

UNIVERSITETI

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Диссертациялық кеңестердің жұмысына қатысты нормативтік-құқықтық актілерге тиісті түзетулер енгізілді. Бұл – ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен бір жылдан астам уақыт бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ САПАСЫ АРТАДЫ

Өзгерістерге тоқталмас бұрын, ғалымдар бұған дейін көтерген мәселелер туралы айтып берейін.

Біріншіден, диссертациялық кеңес пен ресми рецензенттердің жауапкершілігіне қатысты мәселелер жиі қозғалатын.

Мәселен, диссертациялық кеңес үш жылға әрі тұрақты мүшелерден бекітілетін.

Кеңес мүшелері қатарында ғылыми жұмыстың тақырыбы мен мазмұнын жан-жақты меңгерген маман болмаса да, жазылған диссертацияға қатысты шешім қабылдайтын. Десек те, ғылыми жұмыстарды қорғау көбінесе оң нәтижемен аяқталып жатады.

Рецензия кезінде жұмыстың кері қайтарылуы – қалыпты жағдай емес. Ұлттық жоғары оқу орындарында соңғы екі жыл ішінде мұндай көрсеткіш мүлдем тіркелмеген деп айтуға болады.

Мысалы ұлттық университеттердегі диссертациялық кеңестер 2019 және 2020 жылдары 266 жұмысты қарастырып, оның тек екеуін өткізбей қойған.

Айта кетерлігі, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті соңғы он жыл ішінде 142 докторантқа ғылыми дәреже беруден бас тартқан, яғни олардың диссертациялық жұмысы ЖОО қабырғасында қорғалса да, көңіл көншітпеген.

Халықаралық тәжірибеге зер салсақ, шетелде диссертациялық кеңес әрбір ғылыми жұмыс бойынша құрылады және негізгі талқылауларды сол кеңес жүргізеді.

Кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің беделі де жоғары, олар диссертацияны қарастыру барысында тек түпкілікті шешім ғана емес, аралық шешімдерді де қабылдай алады.

Келесі мәселе. Докторант диссертацияны қорғау алдында көп уақытты талап ететін күрделі процедураларды орындауға мәжбүр.

Диссертациясын қорғау үшін докторант әртүрлі ғылыми семинарлар мен сараптамалық комиссиялардың қосымша талқылауларына қатысуы керек. Сондай-ақ олар рецензенттерді іздеумен, диссертацияны қорғау процедурасын ұйымдастырумен айналысады. Тіпті, кейде ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің пікірлерін докторанттың өзі жазатын мысалдар да бар.

Бұл мәселелер ескерілді.

Енді нормативтік құжаттарға енгізілген оң өзгерістер туралы айтайын.

1. Енді диссертациялық кеңестердің құрамы халықаралық тәжірибені ескере отырып жасақталады.

Докторанттың зерттеу тақырыптары әралуан болғандықтан, диссертациялық кеңес мүшелерінің жартысы уақытша тағайындалатын болады.

Енді кеңес мүшелері қорғау қорытындысы бойынша диссертациялық кеңес PhD дәрежесін беру (1), PhD дәрежесін бермеу (2), диссертацияны қайта қорғауға жіберу (3) немесе докторант жұмысын пысықтауға жіберу (4) сынды шешім қабылдай алады.

Бұған дейін кеңес мүшелері тек екі шешімнің біреуін қабылдайтын еді.

Бұған қоса, енді дауыс беруге ресми рецензенттер де қатысатын болады.

2. Докторанттар зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жариялау тиіс ғылыми мақалалардың саны 7-ден 4-ке дейін қысқарғанын білесіздер. Ал бір немесе екі ғылыми мақаласы рейтингі өте жоғары, беделді журналдарда жарыққа шыққан болса, докторант диссертациясын қорғауға мүмкіндік алады. Бұл санға емес, сапаға бағытталған өзгеріс өткен жылы енгізілген болатын.

Биылдан бастап, кейбір докторанттар диссертациялық жұмысты жазбай-ақ ғылыми атақты қорғай алатын болады.

Ол үшін докторант беделі мықты басылымда бір ауқымды шолу және Q1-Q2 WoS тізіліміндегі журналдарда кем дегенде екі ғылыми мақаласын автор ретінде және корреспонденция авторы ретінде жарыққа шығаруы керек.

Бұл ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі мен сапасына қандай да бір нұқсан келтірмей-ақ зерттеу жүргізу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Мұндай тәжірибе көптеген шетелдік жоғары оқу орындарында бұрыннан қолданылып келеді.

Дегенмен, бұл балама әдіс ретінде пайдаланылады. Докторант бұрынғыдай өз қалауы бойынша дәстүрлі түрде диссертация жазып, зерттеу жұмыстарын қорғай алады.

3. Ғылыми жұмысты қорғау процедурасы интернет желісі арқылы тікелей эфирде жүргізіледі.

Яғни диссертацияны қорғау рәсімі толығымен ашық форматта өтеді. Ендігі кезекте ғылыми және академиялық



қауымдастықты белсенді болуға шақырамын. Енді кез келген ғылыми зерттеулермен танысып, докторанттардың жұмысына ашық пікір қалдыра аласыздар.

4. Докторанттың диссертациясы толық дайын болған кезде кафедраның кеңейтілген отырысында ғылыми жұмыс бір рет талқылаудан өтеді.

Негізгі талқылау жұмыстары диссертацияны қорғау кезінде жүргізіледі. Осылайша қорғау сапасы жақсарып, диссертациялық кеңестердің жауапкершілігі артады.

5. Ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындары үшінші жыл қатарынан PhD дәрежесін өздері тағайындап, жеке үлгідегі дипломдар беріп жатыр. Енді ұлттық жоғары оқу орындары докторанттардың жарияланымдарына өз шешімдері бойынша, қосымша, жоғары талаптар қоя алады.

6. Енді ел азаматтары диссертацияны онлайн форматта қорғай алады.

Бұл – әлем бойынша кеңінен пайдаланылып жатқан тәжірибе. Пандемия кезінде Калифорниядағы Беркли университеті, Оксфорд, Кембридж, Гарвард, Сингапур Ұлттық университеті және басқа да оқу орындары алғашқылардың бірі болып диссертацияны қорғауды онлайн форматта өткізген еді.

Бұл өзгерістерге дейін болған қосымша талаптарды естеріңізге салып өтейін.

Өткен жылы жоғары оқу орындарындағы академиялық адалдықтың негізгі қағидағары нормативтік құжаттарда бекітілген болатын.

Жарияланымдарға қойылатын талаптар күшейтілді.

Сәйкесінше отандық ғылыми журналдар да контент сапасына ерекше назар аудара бастады. Бұл шешім былтыр сәуір айында қабылданғанымен, журналдарға қойылатын жаңа талаптар 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Яғни, баспаларға өз журналдарын жаңа сапалы талаптарға бейімдей алу үшін жеткілікті уақыт берілді.

Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті қабылдаған басылымдарының жаңа тізіліміне 31 журнал кірді. Бұл журналдардың қатары әлі де артатын болады.

Қорыта айтқанда, енгізілген жаңа өзгерістер диссертацияны қорғау және диссертациялық кеңес қызметіне қатысты түрлі аспектілерді қамтыды.

Қабылданған басқа да өзгерістермен қатар бұл жаңашылдықтар диссертациялық кеңестер жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға негіз болады деп сенемін.

АсхатайМАҒАМБЕТОВ,
Білім және ғылым министрі

АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ҰСТАЗДАРҒА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов вакцинаға қатысты мұғалімдерге үндеу жасады.

«Денсаулық сақтау министрлігінің берген ақпараттына сәйкес, қазіргі кезде вакцина салғандардың 17 пайызы мұғалімдер. Ведомство бізге тиісті ақпаратты беріп отыр. Жалпы, мұғалімдер вакцинаны өз еркімен алды, ешкім мәжбүрлемейді. Бірақ министр ретінде, Қазақстанның азаматы ретінде әріптестерімді өз еркімен вакцинаны салдыруға, ғылымға сенуіне шақырамын», – деді министр Орталық коммуникациялар қызметінде.

Оның айтуынша, бұл қадамдар мұғалімнің өзінің қауіпсіздігіне, мектепте оқып жатқан балалардың, ұжым мен отбасының қауіпсіздігіне арналып отыр.

«Сондықтан біздің сарапшыларға сеніп, вакцинаны дер кезінде салдырып, тиісті жағдай жасайды деп үміттенемін», – деді А. Аймағамбетов.

Бұдан бұрын хабарланғандай, ҚР Білім және ғылым министрі өзінің отбасы мүшелері міндетті түрде коронавирусқа қарсы вакцина салдыратынын айтты.

Қазақпарат

ҒЫЛЫМДА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ БАР, ОЛ – ІЗДЕНІС ПЕН БІЛІМ ЖОЛЫ

Бүгінгі таңда әлемдік экономика ерекше қарқынмен дамып, технологиялық тегеурінге, инновациялық ізденістерге, жаңа мүмкіндіктерге кең жол ашылуда. Осы орайда озық жетістіктерге қол жеткізіп, алдыңғы қатарлы елдермен терезе теңестіру үшін іргелі ғылымның алатын үлесі зор. Ал ғылым өндіріспен тығыз қарым-қатынас орнатқанда ғана нәтиже көрсетіп, жемісін береді. Сондықтан еліміздің Тұңғыш Президенті–Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің таңғы арайында «Ғасырлар тоғысында» атты сараптамалық еңбегінде елдің болашағы ғылымға тікелей тәуелді екенін баса айтып және алғашқы күннен ғылым мен өндірістің қатар дамуына жете көңіл бөлді.

Үлкен ғылыми жобаларды мемлекет тарапынан қолдаудың ауқымды бағдарламасын жасатып, өзі тікелей қадағалап отырды. Аяғынан жаңа тұрған жас мемлекеттің экономикалық өрлеуінің әр алуан сатысы осындай ғылыми жұмыстардан бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жай қажеттілік ғана емес.

Біз үшін бұдан басқа жол жоқ», деп ғылым саласының өркендеуіне, тиісті бағдарламалардың әрі қарай жалғасуына баса мән берді.

Жалғасы 2-бетте

**ЖАҢА КІТАП
ЖАРЫҚ КӨРДІ**



3-бет

**ҚАЗҰУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ЕКПЕ САЛДЫРА
БАСТАДЫ**



4-бет

**НАУЧНЫЕ
ВЫСОТЫ**



8-стр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Мемлекет басшысы ғылымды дамытуда тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажеттігін де алға тартты. Мемлекеттік саясат та жаңа инновациялық экономиканың негізі болуға тиіс деген тұжырым қалыптасты. Ғылым, білімді ілгерілету және технологиялық жаңғыруларға дендеп көңіл бөлу нақты қолға алынды.

Зияткерлік әлеует, жаңа білім мен инновациялық ізденістер әлемдегі ұлттық экономикаларды дамытудың қозғаушы күші екені анық. «Әзірше біз шетел тәжірибесін қабылдап жатырмыз. Тіпті ең заманауи шетелдік жабдықты пайдалану өзіндік серпілісімізді білдірмейді. Біз өзімізде пайдаланып және әлемге ұсынуға болатын жаңа нәрселер жасауға бағдар ұстануға тиіспіз», деп тапсырды өз сөзінде Елбасымыз. Ол үшін ғалымдарымыздың дәуір сұраныстарына сай өз дүниетанымын, ғылыми көзқарастарын қайта қарауы өте маңызды. Елбасы алдымызға қойған дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі сындарлы мақсат – мемлекет, университет пен бизнестің ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіргенде ғана жүзеге аспақ.

Әлемдік тәжірибеде ұлттық инновациялық жүйенің негізгі құрылымы ретінде осы үш тағанның әрбір элементінің функциялары нақты айқындалған: университеттің рөлі – бұл білім, кадрлар мен технологияларды генерациялау; мемлекеттің міндеті – бірлескен қызмет жағдайларын және нормативтік-заңнамалық қамтамасыз ету, ал өнеркәсіп идеялар мен әзірлемелерді іске асыруға тиіс. Үш бірлік бір мақсатқа осылай жұмылады.

Кез келген елдің ұлттық инновациялық жүйесінде ғылыми ауқымды өндіріс үшін маңызды ресурсқа айналатын зерттеу университеттерінің орны ерекше. Барлық белгілі әлемдік жоғары технологиялық аралдар зерттеу университеттері базасында дамуда және өз елдерінің инновациялық даму драйверлеріне айналып отыр. Сонымен қатар университеттерде жыл сайын жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті және елдің болашағын анықтайтын жаңа буын пайда болып, қалыптасатынын атап өткен жөн.

Сондықтан қазіргі таңда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көпшілігі коммерциялық емес акционерлік қоғамның нарықтық мәртебесін алғаны қуантады. Тиімді менеджментті енгізу арқылы олардың рөлі мен жұмыс істеу тиімділігін арттыру маңызды, бұл оларға нарықтық экономиканың нақты субъектілері болуға, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ҚазҰУ нәтижеге бағытталған процестерді басқаруды енгізіп, өз позициясын елеулі түрде ілгері жылжытып, алдыңғы қатарлы әлемдік зерттеу университеттеріне жақындай түсті. Біз әл-Фараби университетін алдағы уақытта осы бағытта жаңаша жандандыратын боламыз.

Ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар, республиканың басқа жоғары оқу орындарында баламасы жоқ зияткерлік корпорация болып табылатын және еліміздің жоғары білікті кадрлық әлеуетін даярлауды қамтамасыз ететін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерінің «идеядан өнімді коммерцияландыруға дейін» қағидатын іске асыру үшін дамудың жаңа моделін пайдаланады. Университет технологиялық шешімдерді, бірегей технологиялар мен өнімдерді әзірлеу бойынша процестік инновациялар орталығын іске қосты. Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату, олардың негізінде халық шаруашылығының түрлі салалары үшін геоөнімдер жасау және т.б. үшін виртуалды қабылдау стансасы бар. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейтін мұндай бірегей технологияның болашағы зор.

Ұлттық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған механизмдерді іске асыру үшін ҚазҰУ заманауи IT-технологияларды қолдана отырып, қуатты, жоғары технологиялық цифрлы инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар

ҒЫЛЫМДА ДАҒҒЫЛ ЖОЛ БАР, ОЛ – ІЗДЕНІС ПЕН БІЛІМ ЖОЛЫ



жүргізуде. Бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу және т.б. үшін әзірленген Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисі іске қосылған. Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSystem сынақтан өтуде. Ол проблеманың ауқымын және қоғамдық пікірді қалыптастыратын негізгі ықпалды тұлғаларды айқындай отырып, ақпараттық кеңістікте зерделеу (мониторинг) жүргізуге мүмкіндік береді.

Университет посткеңестік кеңістіктегі санаулы жоғары оқу орындарының бірі ретінде алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін ғарышқа ұшырды. Бұл бағыттың жалғасы ғарыштық техника және технологияларды әзірлеу бойынша ұлттық ғылыми мектеп құру болып табылады. Онда студенттер наноспутниктерді және олардың компоненттерін жобалау және құрастыру дағдыларын алып, жаңа ізденістерге жол ашады. Бұл болашақта оларға осы салада толыққанды маман болуға мүмкіндік жасайды. Мұндай мамандық игерген жастарға қай кезде де сұраныс жоғары.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚазҰУ экономиканың нақты секторына енгізу үшін сынақтан өткізілген және дайын 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуге кірісті. Университетте идеяларды коммерциялық өнімдер мен қызметтерге трансформациялайтын білікті зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалған.

Қазіргі сәтте дайын өнімдердің бірі – нанобөлшектер негізінде жасалған қарқындылығы жоғары газ-разрядты шам болып табылады. Мұндай қарқындылығы жоғары энергия үнемдейтін газ-разрядты шамдардың құны төмен, жарық тиімділігі жоғары және қарапайым шамдармен салыстырғанда энергияны тұтынуды 7 есеге дейін төмендетеді.

Электромагниттік құбылыстарды зерттеуге арналған зертханалық қондырғы да орта және орта-арнаулы білім беру мекемелерінде қолдануға әзір. Физика курсы бойынша оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданатын инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен пайдалануға ыңғайлы әрі әмбебаптығымен ерекшеленеді. Ол бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Сырттан электр күшін алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған.

ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық өнімдердің бірі – көміртекті нанопұрылымдардың 100% қазақстандық құрамымен температураны, ылғалдылықты, ауа қысымын және т.б. анықтауға арналған қабылдағыштар. Көміртекті наноматериалдар, олардың ерекше қасиеттеріне, мөлшеріне және төмен құнына байланысты әртүрлі салаларда,

мысалы, бояулар мен лактарға, арматуралық материалдарға қоспалар ретінде қолданылады. Ол келешекте дәстүрлі материалдарды өмірдің барлық салаларынан ығыстырып, өндірістік болашағы зор болмақ.

ҚХР тарапынан 100 мың доллар көлемінде инвестиция берілген жоба аясында ҚазҰУ Дәрілік өсімдіктер орталығы ғалымдары әзірлеген инновациялық табиғи өнімдер де университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал. Тұмау мен түрлі вирустарға қарсы жаңа табиғи қоспалар өсімдік шикізатынан жаңа табиғи қосылыстарды бөлу негізінде жасалған.

Жеке бизнес серіктес KazEcoSolutions ЖШС-мен бірлесіп, «Мико-Ойл» қазақстандық инновациялық биопрепаратын өнеркәсіптік өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Тиімділігі жоғары препарат мұнаймен ластанған топырақты және құрамында мұнай бар қалдықтарды тазартуға арналған. Оны мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындарға, экологиялық қызметтерге енгізуге болады.

«Ғылым қоры» АҚ қаржылық қолдауымен «ВАСТЕ» ЖШС жеке серіктесінің өндірістік алаңы базасында полиэфир шайырларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі тиімді жұмыс істеуде. Ол тек отандық өндірушіні құруға ғана емес, сонымен қатар шикізат ретінде полиэфир шайырларды пайдаланылатын композиттік материалдар өндірушілерін де қолдауға бағытталған. Бұл ретте оның бағасы импорттық шикізат бағасынан 15-20%-ға төмен. Бағасы арзан, тиімділігі жоғары мұндай жаңалықтар қашанда сұранысқа ие.

Сонымен қатар «Ғылым қоры» АҚ жобасы аясында университет төмен температурамен және синтездің қысқа кезеңімен ерекшеленетін, сондай-ақ оларды пайдалануды жеңілдететін еріткішсіз акрилат бояуларының өз өндірісін іске қосуды жоспарлап отыр.

ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемелері оның зияткерлік меншігі және әзірлеушілер үшін де, бизнес өкілдері үшін де құнды актив болып табылады. Алайда көбінесе өнертабыс зияткерлік меншік саласындағы нақты қолданыстағы заңнаманың болмауына және зияткерлік меншікті бағалау мен маркетинг саласында қажетті білімі бар кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты сұранысқа толық сай болмай отыр. Бұл тұрғыда алдағы уақытта жүйелі ғылыми ізденістер жаңа белеске шығады деген үміттеміз.

Жаңа өнімді нарыққа шығару да күрделі процесс. Себебі кәсіпорындардың университеттік әзірлемелерді жүзеге асыруға қызығушылықтарының төмендігі, сондай-ақ шетелдік технологияларды пайдалану артықшылығы байқалады. Қалыптасып қалған шет елдік технологияға деген сұраныс бірте-бірте біздің жас ғалымдардың ізденістері

арқылы табыс көзіне айналуы үшін оқу орны жағдай жасауға әрқашан дайын.

Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін елімізде ғылым мен инновацияларды басқарудың тиімді моделі жасалмаған. Бұдан бөлек, инновациялық процестің барлық қатысушыларының нақты өзара әрекеттестігі жоқ, венчурлық қаржыландыру кемшін дамыған, жоғары технологиялық әзірлемелерді енгізу бойынша жеке секторды тарту механизмі тиімсіз, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары нарық қажеттіліктеріне бағдарланбаған, қаржылық және құқықтық тұрақсыздық секілді кедергілер жетерлік. Мұның барлығы тұтас ұлттық инновациялық жүйенің тиімсіздігіне әкеледі, онсыз білім мен озық технологияларға негізделген жаңа экономика құру туралы сөз болуы мүмкін емес. Ғылыми ізденістердің заңдық иелікке жетуіне жағдай жасаған кезде ғана ол тиімді болмақ.

Сондықтан бізге ғылым мен инновацияларға жеке капитал тарту үшін қолайлы жағдайлар мен механизмдер жасау керек. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың өндіру шығыстарының 1%-ы көлемінде аударымдарын ғалымдардың қолданбалы және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жүргізуге пайдалануының нақты тетігін дайындау қажет.

Зияткерлік меншік саласында елімізге білімге негізделген экономиканың серпінді өсуіне ықпал ететін материалдық емес активтерден мемлекетке үлкен пайда алуға мүмкіндік беретін пәрменді заңнамалық және институционалдық тетіктер жасай отырып, жүйелі мәселелерді шешуді жеделдетуді жолға қоюмыз. Әрине, бұлар айтуға жеңіл, бірақ «көз қорқақ, қол батыр» деген қағиданы да естен шығармауымыз керек. Қол да, ой да батыл болса, ізденістің ізі ашыла береді.

Бизнесті ғылымға тарту үшін тікелей және жанама әдістерді қолдана отырып, салықтық ынталандыру механизмдерін енгізу тиімді. Білім мен ғылымды қолдауға және дамытуға бағытталған, оның ішінде шикізат, технологиялық жабдықтар, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер импорты кезінде кедендік баждар салудан босатуды көздейтін өндіру секторларындағы салықтық преференциялар мысалы бойынша жоғары оқу орындарының эндаумент-қорларының шоттарына түсетін қаражатқа салықтық ынталандыруды енгізу қажет. Елде венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту үшін инновациялық әзірлемелерді инвестициялау және оларды коммерцияландыру үшін венчурлық қорларды қалыптастыруға БЖЗҚ қаражатын тарту ұсынылады.

Осылайша, ғылыми ауқымды экономикасы бар елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, венчурлық капиталды пайдалану, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру, университеттерді дербес зерттеу жоғары оқу орындарына трансформациялау механизмін заңнамалық деңгейде шешу арқылы университеттердің білімге негізделген инновациялық экономика субъектілері ретіндегі ролін арттыру қажет.

Өзінің 90 жылдық тарихи кезеңіне жақындап келе жатқан ұлт білімінің ұстаханасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым мен өндірістің, ғылым мен жаңа ізденістердің, ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыру жолында ізденіс үстінде. Бұған оқу ордасының материалдық-техникалық, ғылыми өміршеңдік мүмкіндігі толық сай келеді. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген қалыптасқан қағиданы «ғылымда даңғыл жол бар, ол ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізе береміз. Уақыт бізден осыны талап етіп отыр.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры

«Егемен Қазақстан» газеті
09.04.2021

ҚазҰУ-да «Фараби әлемі» конференциясы аясында үздік студенттік инновациялар жобаларының жыл сайынғы байқауы өтуде

ҚАЗҰУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСҚА ҚАТЫСАДЫ

Еуропа институтының директоры, Сыртқы саяси зерттеулер қауымдастығының төрағасы, Ресей ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Алексей Анатольевич Громыко ҚазҰУ КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаевқа хат жолдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі білім алушыларды, жас ғалымдарын алдағы шілде айында өтетін А.А. Громыко атындағы ТМД халықаралық қызметкерлерінің конкурсына қатысуға шақырды.



Фараби атындағы ҚазҰУ гуманитарлық факультеттерінің оқытушылары, жас ғалымдары мен студенттері бұл конкурсқа қуана, белсене қатысатыны сөзсіз. Байқауға қатысатындар А.А. Громыко атындағы ТМД халықаралық қызметкерлер конкурсының ұйымдастыру комитеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Сырым Парпиев арқылы байланыса алады. Байқауға қатысуға өтініш жұмысының қосымшаларымен (конкурсқа жіберілетін мақалалар) мамырдың 11-інен бастап қабылданады.

Қазіргі уақытта Scopus деректер базасында Қазақстан ғалымдарының 15 мыңға жуық жарияланымдары бар, олардың 3200-і немесе 21 %-ы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Яғни, рейтингтік журналдарда қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланым – бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Британдық QS компаниясының кешенді бағалау нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірқатар көрсеткіштерге, атап айтқанда – оқу процесі; жұмысқа орналасу мүмкіндігі; зерттеулер; интернационалдандыру; қызмет көрсету; өнер және мәдениет; инновация; заманауи тілдер бойынша өте жоғары балл алып, ең жоғары «Бес жұлдыз» марапатына ие болған. QS «Бес жұлдыз» белгісін иелену әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру саласындағы халықаралық қауымдастықтарда беделі бар екендігін және жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде көшбасшылық позицияларды көрсетіп отырғанын білдіреді. Мұндай конкурстар ҚазҰУ тағы да жоғары көрсеткіштерімен халықаралық аренада өзін танытып, биіктен көрінуіне мүмкіндік береді.

Халықаралық байқауға тарих, заң, әлеуметтану, философия, саясат, экономика салаларының өкілдеріне қатысуға болады. Конкурс ТМД елдерінің 40 жасқа дейінгі студенттеріне, жас ғалымдарға, дипломаттарға, басқарушыларға, журналистерге өздерінің ғылыми еңбектерін жетекші ғылыми басшыларға (ВАК және SCOPUS) жариялау және А.А. Громыко атындағы ТМД халықаралық қызметкерлер қауымдастығының бағалы сыйлықтарын ұтып алу мүмкіндіктерін ұсынады. ҚазҰУ атынан байқауда бақ сынаушыларға сәттілік тілейміз!

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы-ректоры Жансейіт Түймебаев Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұйымдастырумен өткен «Өнер мен мәдениеттегі Қазақстан этностарының өкілдері: Есімнамалар энциклопедиясы» атты кітаптың тұсаукесеріне арналған халықаралық дөңгелек үстелге қатысты.

ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ



Есімдер энциклопедиясы оқырмандарды әртүрлі этностардың танымал өкілдерімен, олардың тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесімен таныстырады. Басылым Қазақстанның көрнекті қайраткерлеріне арналған түрлі энциклопедиялар, еңбектер сериясы, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұғымдық аппаратының жалғасы болып табылады. Салтанатты шараны ашқан Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА ректоры Ақан Әбдуалиев: «Шаңырақтың уығындай ұйысып, 130-дан астам ұлт өкілдері бейбіт аспан астында тіршілік етіп келеміз» дей келе, қазақ өнерінің дамуына әсер еткен өзге ұлт өкілдерінің еңбектері ұмытылмайтынын айтты.

Алқалы жиынға жолдаған құттықтауында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев, алдымен, ұлтаралық татулықты қалыптастырудағы Елбасы рөліне кеңінен тоқталды. «Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз мыңжылдықтар тоғысында бабалар аңсарын шындыққа айналдырып, тәуелсіз мемлекет құрдық.

Тағдыр табыстырған, тарихтоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты. Ынтымақты ырысқа, алуандықты байлыққа балаған біз бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырдық. Өнегелі ізгі бастамаларымен жаһандық бейбітшілікке зорықпал еткен Қазақстанның тағылымды тәжірибелері әлем жұртшылығына үлгі болды. Әрине, бұл жетістіктер бізге өздігінен, оңай келген жоқ. Еліміздің татулық пен тұрақтылықтың берекелі бекетіне айналуына Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен үлес қосып келеді» деп атап өткен болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі» деп, халықтар достығының береке-бірліктің негізін қалайтынына ерекше тоқталды», делінді хатта.

Университет басшысы энциклопедия әр салада елеулі еңбек сіңірген этнос өкілдерінің ғұмырбаянын халық жадында қалдыруды мақсат тұтқанын айта келе, өз құттықтауында: «Бұл басылым – қалтқысыз қызметі Қазақстанның рухани-мәдени негізіне айналған жандарға деген құрмет болып табылады. Жарқын тағдырлардың тамаша өмірбаянын қайта оқи отырып, ел тарихының өткені мен бүгінін бағамдаймыз» деді. Сондай-ақ кітаптың Қазақстанда өмір сүрген, отбасын құрған, әр алуан жұмыс атқарған сан ұлттың қилы тағдырын қамтитынын тілге тиек етіп, «энциклопедия анықтамалық жинақ қана емес, құнды деректерді біріктірген тарихи басылым» деп баға берді.

Материалдарды жинап, баспаға дайындаған ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшесі, Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА проректоры, саясаттану ғылымдарының докторы Ш. Әмірбеков пен ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Шаймерденова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-ректоры, ҚХА ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі Жансейіт Қансейітұлының кітаптың жарық көруіне көрсеткен қолдауын ерекше ықыласпен атап өтті.

Онлайн форматта өткен іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, отандық және алыс-жақын шетел ғалымдары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары мен білімгерлері, ҚХА мүшелері және өзге де ұйым өкілдері қатысты.

Кітапқа барлығы 300-ден астам мәдениет және өнер қайраткерлері, театр және кино артистері, музыканттар, жазушылар, суретшілер, әрлеушілер мен безендірушілер енген. Энциклопедия Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының қолдауымен басылып шықты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

5 сәуірден бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамы мен қызметкерлері «Спутник V» екпесін қабылдай бастады.

ҚАЗҰУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЕКПЕ САЛДЫРА БАСТАДЫ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барлық азаматтарды ковидке қарсы екпе салдыруға шақырып, бұл біздің азаматтық парызымыз екенін атап өткен болатын. ҚазҰУ бірауыздан мемлекет басшысының үндеуін қызу қолдап, екпе салдыруға оң көзқарас танытты. Ең алғаш болып екпе қабылдаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектері қауымдастығының атқарушы директоры Күлғазира Балтабаева: «Екпе салдыру туралы хабарламаны оқыдым да еш ойланбастан мені тізімге қосуын сұрадым. Өйткені, бұл дерттің алдын алу үшін өте қажетті қадам. Соңғы рет тұмауға қарсы екпе қабылдадым және бүгінге дейін бұл ауруға шалдықпадым. Қазір де екпеге деген сенімім мол. Өзім үшін ғана емес, жақындарым үшін де бұл өте маңызды шешім» дейді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры міндетін атқарушы Қанатбек Мұқанов барша қазақстандықтарды екпе салдырудан бас тартпауға шақырды. «Бүгінгі күні қоғамның пікірі екіге бөлініп, вакцина бізге керек пе, жоқ па деген екіұдай сауал туындап тұр. Екпені сөзсіз ектіру керек! Бұған басқа балама жоқ. Мен медицина тарихындағы небір кеселдің емін тапқан екпелердің тиімділігі туралы зерттеу жұмыстарын жасадым. Екпе – медицина саласындағы озық идеялардың жемісі. Қазір әлеуметтік желілерде чиптер туралы және басқа да алыпқашпа жалған ақпарат өріп жүр. Оған сенудің қажеті жоқ. Өйткені вакциналық екпе адамзатты шешек, оба және басқа да ауыр пандемиялардан құтқарып қалды және ондай дерт вакцинациядан кейін қайталанбады. Сондықтан мен барлық азаматтарды екпе жасатуға шақырамын! Бұл мәселеде екі ой туындамағаны абзал. Мүмкін болса, екпе салдырған дұрыс. Алдымен, өзіңнен бұрын, жақындарыңыз бен туыстарыңыздың денсаулығын ойлауыңыз керек», – деп,

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



барлық әріптестеріне қолдау білдірді Қанатбек Мұқанов.

ҚазҰУ проректоры Мехмет Арслан екпе салдырудың қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік екенін айтады. «Мен проректор ретінде қызмет бабымен жиі іс-сапарларға барамын. Әртүрлі іс-шаралар барысында көптеген жандармен кездесемін. Қызмет бабына байланысты өзімді өзгелер үшін де жауапты сезінемін. Сондықтан, бірден екпе қабылдауға шешім қабылдадым. Студенттердің де, оқытушылардың да амандығы үшін барлығымыз екпе алуымыз қажет. Әсіресе білім ордасында барынша жауапкершілікті сезініп, мемлекет тарапынан берілген мүмкіндікті дұрыс пайдаланған жөн» деген ойымен бөлісті.

ҚазҰУ медициналық орталығына әзірге 50 екпе берілген. Келесі лекке 600 екпе берілетін болады. Еріктілерді екпемен толық қамту жоспарланып отыр.

Айта кетерлігі, «Спутник V» – әлемдегі алғаш тіркелген, тиімділігі 90%-дан асатын үш екпенің бірі. Оның тиімділігі 91,6%-ды көрсеткен, бұл мәлімет 19 866 еріктіге сынақ жүргізілгеннен кейін алынған. Қазақстан – бұл екпені тіркеген әлемдегі 27-ші мемлекет. Елімізде 1 ақпаннан бастап азаматтарға короновирустық инфекцияға қарсы екпе салу басталған болатын.

Николай Гамалей атындағы эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығы жасаған Гам-КОВИД-Вак немесе «Спутник V» вакцинасы иммундық реакциясын күшейту үшін 3 апта аралығымен екі рет салынады. Бірінші вакцинамен 26 аденовирус серотипіне негізделген вакцина, ал екіншісімен 5 серотип енгізіледі. Екпе салу ерікті түрде жүргізіледі. Әрбір азамат таңдау құқығына ие. Ерікті түрде шешім қабылдап, алдын алу үшін әрекет жасау қазіргі таңда аурудан құтылудың жалғыз жолы болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6 сәуір күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясы басталды. Еліміздегі ең ауқымды студенттік форум жыл сайын дәстүрлі түрде Қазақстан және алыс-жақын шет елдердің 6 мыңнан астам жастарының басын қосады.

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Елімізде және әлемде қалыптасқан күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты биылғы конференция онлайн форматта өтуде. Онда ғылымның түрлі салаларына байланысты теориялық, эксперименттік және қолданбалы бағыттағы 120 секция бойынша баяндамалар тыңдалады.

Халықаралық конференция аясында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік жас ғалымы» байқауын өткізу дәстүрге айналған. Байқаудың мақсаты – университеттің ғылым мен инновацияға құштар іздемпаз білім алушылары, жас ғалымдары мен қызметкерлеріне қолдау көрсету, олардың ғылыми жетістіктерін таныту, ғылыми

зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу және өндірістік процестерге енгізуге жол ашу. Шара барысында жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салалары бойынша 16 үздік жас ғалым анықталатын болады.

Озық білім, жан-жақты терең зерттеу жұмыстарымен алға шыққан ең талантты жастар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының дипломдарымен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Қадыржан СМАҒҰЛОВ,
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БАСПАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ АНТИВИРУСТЫҚ ТАБИҒИ ҚОСПА ШЫҒАРА БАСТАДЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Жанар Жеңіс жетекшілік ететін ғалымдар тобы адам бойында асқынған респираторлық-вирустық инфекциялардың таралуына қарсы антивирустық мульти-табиғи қоспа әзірлеп шығарды.

Антивирустық қоспа қазіргі таңдағы түрлі вирустық инфекциялар мен басқа да аурулардың таралуын азайту мен жоюға арналған. Әлем бойынша қалыптасқан бүгінгі күрделі жағдайда аталмыш жобаның аса өзекті әрі дер кезінде жүзеге асырылып отырғаны даусыз. Қазақ жерінде өсетін дәрілік өсімдіктерден тұратын қоспа құрамы жағынан таза әрі табиғи отандық өнім болып табылады. Оны даярлауда негізінен жалбыз, қалампыр, түймедақ және қызылмия өсімдіктері пайдаланылған.

«Табиғи қоспа тұмау және жедел респираторлық вирустық инфекция кезінде асқыну қаупін азайтып, сауығуды жеделдетеді. Ауруға қарсы ағзаның қорғаныс қабілетін күшейтеді. Өкпенің жұмысын жақсартып, жөтелді тоқтатады», дейді жоба авторы, ҚазҰУ жанындағы Дәрілік өсімдіктер орталығының директоры Жанар Жеңіс. Оның айтуынша, 30-дан аса науқас пайдаланып, айығып шыққан қоспаның толық емделу курсы 15 күнді құрайды.

Жобаны кең көлемде жүзеге асыру шикізат негізіндегі жаңа фармацевтикалық өнімдерді шығаруда негіз болып табылатын мульти-табиғи қоспа – тұмауға және асқынған респираторлық вирустық инфекцияларға қарсы биобелсенді құрамды алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде елімізге шеттен импортталатын дәрілік өнімдердің санын азайтуға жол ашпақ.

Жобаны әзірлеушілер этноботаника, дәстүр-

лі медицина, фитохимия, дәрілік өсімдіктер химиясы, фармакогнозия және өсімдіктер экологиясы саласындағы зерттеулерді қаржыландырудың қоғам саулығы үшін өмірлік маңызы зор екендігін алға тартып отыр. Бұл шаралар барша адамзатты қазіргі және болашақтағы пандемиялардан қорғау үшін қажет.

Айта кетерлігі, 2020 жылы профессор Жеңіс Жанардың жетекшілігімен «COVID-19-ға қарсы тағамдық қоспалардың әлеуетті формуласын әзірлеу» жобасы «Ғылым қоры» АҚ бастамасымен ұйымдастырылған «Стоп-Коронавирус» онлайн байқауының ақтық мәресінен өткен болатын. Ал «Адамдарда АРВИ таралуын басатын мульти-табиғи қоспа» жобасы 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру байқауына ұсынылып отыр.

Университеттегі аталмыш орталықта емдік шөптердің қасиеттерін зерттеу жұмыстары бірнеше жылдан бері жүргізіліп келеді. 2019 жылдың қараша айында ҚазҰУ Қытай Ғылым академиясының Синьцзян физика-химиялық техникалық институтымен бірлесе Қазақстан-Қытай дәрілік заттар зертханасын ашып, бүгінде онда университет ғалымдары елімізде дәрілік өсімдіктерге бай препараттарды өндіру технологиясын дамытуға үлес қосуда.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Более полувека в университете

Мусабекова Алтынай Абилюкеновна относится к поколению замечательной плеяды выпускников нашего университета, активно участвующих в жизни КазНУ и внесших весомый вклад в становление и инновационное развитие химической науки и образования в Казахстане. Она представляет «золотой фонд» преподавателей факультета, которые составляют гордость нашего университета.



оцениваются на научно-студенческих конференциях.

Алтынай Абилюкеновна принимает активное участие в организации учебной и методической работы факультета. Она была участником процесса внедрения кредитной системы в учебный процесс. В 2004-2006 гг. являлась одним из авторов государственных общеобразовательных стандартов по специальности «Химия».

А. Мусабекова активно занималась методической работой, выступала с докладами на ежегодных международных, республиканских, а также университетских научно-методических конференциях. С 2011 года входит в группу составителей основных учебных планов магистратуры и докторантуры по специальности «Химическая технология неорганических веществ», а также спецификаций учебных программ, каталогов дисциплин на трех языках и учебных планов двухдипломного образования.

Наряду с преподавательской деятельностью Алтынай Абилюкеновна участвует в научной работе кафедры. Она опубликовала более 160 научных работ, в том числе 14 методических пособий на казахском и русском языках. Перевела на казахский язык монографию О. А. Сонгиной «Редкие металлы» и является автором 12 типовых программ.

Участвуя в общественной работе факультета, она исполняла обязанности заместителя заведующего кафедрой по науке, в течение 6 лет – председателя методического совета факультета, возглавляла теоретический семинар факультета. Многие годы принимала активное участие в организации

и проведении III тура Всесоюзной олимпиады по химии «Студент и НТП». Была ответственным секретарем оргкомитета, а в последующие годы эдвайзером группы магистрантов.

Коллектив факультета химии и химической технологии Казахского национального университета имени аль-Фараби выражает благодарность Алтынай Абилюкеновне за ее профессионализм, а также большой вклад в учебно-методическую деятельность факультета.

Душевная и творческая щедрость, преданность делу, влюбленность в свою работу, самоотверженная трудовая деятельность, доброжелательность и человечность Алтынай Абилюкеновны вызывает искреннее уважение. Она пользуется большим авторитетом и уважением среди коллег и студентов.

Поздравляем Алтынай Абилюкеновну с 70-летним юбилеем! От имени всего коллектива желаем Вам крепкого здоровья, счастья и нескончаемого энтузиазма на трудовом пути!

**Л.К. КУДРЕЕВА,
А.К. ГАЛЕЕВА,**

доценты кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов

ЕРЕН ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМИСІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері ҚР ҰҒА академигі Амангелді Қуанбайұлы Бисенбаевты «ЖОО үздік оқытушысы-2020» атағымен құттықтайды.

А.Қ. Бисенбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы биология ғылымдары бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы, «ҚазҰУ Хабаршысы. Биология сериясы» ғылыми журналының ғылыми редакторы болып табылады. Сонымен қатар «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2006) атағы мен мемлекеттік грантымен, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі жетістіктері үшін «Ы. Алтынсарин» – атындағы төс белгісі (2008) және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» (2018) – төс белгілері иегері.

Кафедра ұжымы б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Амангелді Бисенбаевты жемісті ғылыми-педагогикалық қызметіндегі кезекті жетістігімен шын жүректен құттықтайды және шығармашылық табыстар, жаңа кәсіби жетістіктер, қызықты идеялар мен тек биіктерге өркендеуді тілейді! Білім беру жолындағы еңбегіңіз еселеніп, ғылыми ізденісіңіз межелі жетістіктерді бағындыра берсін! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық пен қажырлы күш-жігер тілейміз!

С.М. ТАЙПАКОВА,
PhD докторы,

А.Д. СЕРБАЕВА,
молекулалық биология және генетика кафедрасының оқытушылары

Кешегі күн, бүгін тарих болып қалады емес пе? Биыл қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-ды бітіргенімізге 25 жыл болыпты.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕСТІ КҮНДЕР



Сонау 1992 жылы арман қуып Қазақстанның әр аймағынан басаяғы 12 қыз-жігіт болып әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Философия және саясаттану факультетінің «Философия» мамандығына оқуға түсіп, 1996 жылы ойдағыдай аяқтадық. Сол жылдары жоғары оқу орындарында реформалар жүргізіліп, бакалавриат, магистратура деген деңгейлер тұңғыш рет енгізілді. «Философия» мамандығы бойынша тарихта тұңғыш қазақ тобы ашылды. Сол қазақ тобының алғашқы қарлығаштары біздің топ еді. Арамыздан айтулы ғалымдар – ғылым докторы, кандидаттары шықты. Бір өкініштісі, курстасымыз белгілі ғалым, философия ғылымының докторы Бағдат Бейсенов бүгін арамызда жоқ. Дегенмен дана халқымыз айтқандай жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді. Артына қалдырған ғылыми мұрасы, ізбасарлары, оқытқан шәкірттері бар бауырымыз Бағдат Қайбылдаұлының аты ешқашан өшпейді. Біз курстастары да, ғалымның атының ұрпақ жадында сақталуы жолында қолымыздан келгенді аянбақ еместіміз.

Әр істі бастағанда қиыншылықтары да көп болады. Оқуға түскенде қазақ тілінде оқулықтар жоқ болса да, өзге тілде оқып, оны қазақ тіліне тәржімалап, барымызды салдық. Ұлағатты ұстаздарымыз Аманжол Қасабек, Жақыпбек Алтайұлы, Тұрсын Ғабитов, Лесхан Асқар, Гүлжан Әбдіғалиева, сол сияқты өмірден өтіп кеткен Мұқанмадияр Орынбеков, Жақан Молдабеков, Білім Құдайбергенов, Бекет Нұржанов сияқты кіл мықтылардан дәріс тыңдап, өмірге жолдама алдық. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан «Философия» бөлімі қазақ тобының алғашқы түлектері еліміздің дамуы мен гүлденуіне өз үлестерін шама-шарықтарына қосып келеді. Сөз соңында айтпағым, «мың алғыс саған ҚазҰУ-ым, өркендеп өсіп, самғай бер».

Қанат НҮРҒАЛИЕВ,
*философия магистрі,
философия кафедрасының
аға оқытушысы*

COVID-19 и международное право

Как известно, страны – участницы Всемирной ассамблеи здравоохранения (руководящий орган ВОЗ), 19 мая 2020 г., единогласно одобрили резолюцию, призывающую проанализировать действия международного сообщества в ответ на пандемию коронавируса COVID-19.



Фото: aas.com.tr

Текст резолюции содержит призыв «как можно скорее и при взаимодействии со странами-участницами начать поэтапный процесс беспристрастной, независимой и всеобъемлющей оценки опыта, который международное сообщество извлекло при борьбе с COVID-19». Такое исследование, в том числе, затронет оценку качества действий институтов ВОЗ при пандемии. Кроме того, резолюция призывает выявить происхождение вируса и обстоятельства заражения им людей. О выяснении роли Китая в пандемии COVID-19 в документе не упоминается.

30 марта 2021 г. глава ВОЗ и ряд мировых лидеров призвали разработать международный договор по повышению готовности к глобальным пандемиям. В их заявлении, которое было опубликовано в крупнейших новостных изданиях, говорится, что пандемия COVID-19 стала напоминанием о том, что «никто не может чувствовать себя в безопасности, пока не защищены все». Под заявлением, помимо Генерального директора ВОЗ Тедроса Гебрейесуса, подписались лидеры более чем 20 стран, включая Францию, Германию, Великобританию, Испанию, Португалию, Украину, Чили, Кению, Индонезию и Южную Корею.

Они назвали пандемию коронавируса «самым большим вызовом» глобальной общественности со времен Второй мировой войны и подчеркнули, что человечество ждет новые пандемии и чрезвычайные ситуации в сфере здравоохранения. «И вопрос не в том, произойдет ли это, а в том, когда это произойдет», – говорится в заявлении.

«Мы должны быть лучше подготовлены к тому, чтобы совместными усилиями предсказывать, предотвращать, выявлять, анализировать пандемии и эффективно на них реагировать, приняв хорошо скоординированные меры», – считают мировые лидеры.

Международный договор в этой сфере позволит укрепить сотрудничество между странами, разработать комплексный подход к решению подобных проблем

и повысить готовность к пандемиям на национальном, региональном и глобальном уровнях. «COVID-19 воспользовался нашей слабостью и разногласиями. Мы должны использовать нынешний момент – объединиться как глобальное сообщество и начать мирное сотрудничество, которое выходит за рамки этого кризиса», – говорится в заявлении (Новости ООН от 30 марта 2021).

Как представляется, эпидемия COVID-19 высветила одну из фундаментальных проблем современных международных отношений, включая и ее международно-правовое измерение. С одной стороны, она еще раз подтвердила приоритет национальных государств, с их традиционными атрибутами в виде суверенитета, территориальной целостности и сопротивлением любому вмешательству извне в их внутренние дела.

НАЦИОНАЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КАК СИМВОЛ СУВЕРЕНИТЕТА

Кстати, национальные системы здравоохранения всегда были одним из символов национального суверенитета в силу очень высокой социальной и внутривнутриполитической значимости этой сферы. Не случайно, даже в высоко интегрированном Европейском союзе здравоохранение, наряду с образованием, остается в сфере компетенции национальных правительств, а не отдано Европейской комиссии.

С другой стороны, как показали последние месяцы, успешная борьба с глобальной пандемией типа COVID-19 практически невозможна без выхода международной системы на новый уровень управляемости. Такой уровень, в свою очередь, недостижим без основательной ревизии нашего привычного понимания национального суверенитета. Кто будет контролировать точность и полноту национальной статистики о распространении заболевания? Позвоительно ли суверенному государству по своему усмотрению допускать или не допускать экспертов ВОЗ на свою территорию? Где кончается правосуверенно-одностороннем порядке определять режим своих границ? Какие международные нормы должны регулировать доступ стран к антивирусной вакцине? Этот список вопросов может быть продолжен. И чем раньше мы начнем ими заниматься, тем будет лучше для всех нас.

КТО ВИНОВАТ В РАСПРОСТРАНЕНИИ ПАНДЕМИИ?

Экс-президент США Дональд Трамп постоянно поднимал тему привлечения Китая к ответственности за распространение коронавируса по всему миру. Возникает вопрос, насколько реальны перспективы преследования Пекина с точки зрения международного права?

Китай никогда не признает свою ответственность за COVID-19, как это было уже наглядно продемонстрировано в ходе

обсуждения данного вопроса в Совете Безопасности Генеральной Ассамблеи ООН 22 сентября 2020 г.

Линия обороны Пекина понятна: китайцы будут и дальше утверждать, что сделали максимум возможного для того, чтобы не допустить распространения пандемии, что международные организации и, в частности, ВОЗ были своевременно информированы о проблеме, и что Китай всегда был открыт для международного сотрудничества. В Китае сегодня часто вспоминают об эпидемии СПИД, которая начала свое победное шествие по миру именно с территории Соединенных Штатов. Ведь никто же не пытался привлечь США к ответственности за эпидемию СПИДа! В целом, обвинения Вашингтона в адрес Пекина стоит рассматривать, скорее, как политическое, нежели юридическое, оружие.

В свою очередь администрация Президента США Джо Байдена продолжает призывать к изучению всех аспектов появления коронавируса, хотя и избегает жестких высказываний в отношении КНР, как это было при Трампе.

Таким образом, проблема привлечения Китая к международной юридической ответственности в связи с пандемией COVID-19 маловероятна, что связано:

- с трудностями применения положений международных медико-санитарных правил 2005 года (далее - ММСП) о несообщении обязанности по своевременному уведомлению Всемирной организации здравоохранения (далее - ВОЗ) о событиях, представляющих чрезвычайную ситуацию;

- отсутствием у ВОЗ и Международного суда надлежащей юрисдикции по разрешению таких споров;

- COVID-19 как обстоятельство, исключающее международную противоправность деяния. Считается, что государства могут использовать ссылки на статьи 23 (форс-мажор), 24 (бедствие) и 25 (состояние необходимости) Международных медико-санитарных правил. Наиболее перспективным представляется обращение государства к ситуации бедствия для обоснования исключения противоправности своего поведения.

Б.Н. МАУЛЕНОВА,
доцент кафедры политики и организации здравоохранения

Жыл сайын 24 наурызда Дүниежүзі туберкулезге қарсы күрес күнін атап өтеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен белгіленген бұл күн жыл сайын әртүрлі ұранмен өтеді.

Жалпы, туберкулез бүгінгі қоғам үшін таңсық емес. Адамзат одан толық айығу жолдарын жақсы біледі, дәрі-дәрмек пен микробқа қарсы препараттарды табу да қиын емес. Соған қарамастан, жұқпалы дертті толық ауыздықтау мүмкін болмай отыр. Ендеше, туберкулез ауруының белгілері, оның алдын алу туралы не білген жөн, біз туберкулезді қалай жеңеміз, туберкулезге қарсы күресуге қандай үлес қоса аламыз деген сауалдарға жауап іздеп көрелік. Алдын алу шаралары:

Жаңа туған нәрестелерге перзентханадан шықпай тұрып, туберкулезге қарсы екпе егіледі. Міне, осы екпе құрамында әлсіреген

ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢ - ӨЗ ҚОЛЫҢДА

туберкулез таяқшалары болады. Вакцина құрамындағы бактериялар ағзаға түскеннен кейін көбейіп, органдар мен тіндерге орналасады, сол арқылы иммунитет қалыптасады.

Перзентханада егілген туберкулезге қарсы екпе адамды ұзақ уақыт бойы осы аурудан қорғайды. Бірақ 7 және 14 жаста вакцина тағы салынады. Мұны қайталап егу деп атайды. Қайта егер алдында туберкулезге қарсы сынама жасалады (Манту сынама). Манту – вакцина емес, ол адамның туберкулез ауруын жұқтырған-жұқтырмағанын анықтау тәсілі ғана. Сондықтан одан қорқудың қажеті жоқ. Жалпы, бұл балаларға қолданылатын әдіс.

Ал, ересектер жыл сайын (кеуде қуысын) флюорографиялық тексеруден өтіп тұруы тиіс.

Жасыратыны жоқ, тұрғындардың басым көпшілігі өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Денсаулықты ауырған кезде емес, ауырмас бұрын, үнемі күту қажет. Адамға берілген күш-қуат пен әр ағза қалыпты тепе-теңдікте, күтіммен жұмыс істеген жағдайда, ағза да Сізге ұзақ қызмет етеді. Себебі, адам ағзасы – өз заңдары бойынша жұмыс істейтін механизм. Таза ұстаса, тепе-теңдік сақталса, ағзаға қандай да бір салмақ түспесе, яғни артық жүктеме болмаса, ол бұзылмайды. Профилактикалық тексерулер мен скринингтерден уақытылы өтіп тұрған жөн.

Ағзаның саулығы, негізінен, дұрыс тамақтануға, дұрыс демалуға, қимыл-қозғалысқа, өмір сүру салтына тікелей байланысты. Сондықтан дәруменді, қуатты тағамдармен уақытылы тамақтану

керек. Ал салауатты өмір салтын ұстану, белсенді қимыл-қозғалыс денсаулықты одан әрі нығайта түседі. Темекі мен ішімдік алыс болсын. Ағзаның сыртқы әсерлерге қарсы тұру, күресу қабілетін, яғни иммунитетті күшейтейік!

Ең бастысы – туберкулез жазылатын ауру және оның алдын алуға болады. Жұқтырған күннің өзінде дер кезінде, дұрыс емделсе пациенттің құлан-газа айығып кетуге мүмкіндігі бар. Ол үшін медицина қызметкерлері ғана емес, әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, өз-өзін күтуі қажет.

А.Е. ЕСЕНБЕКОВА,
хронобиология орталығы магистрі,

Н.М. СЕЙДАЛИЕВА,
биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы

Жарқын болашаққа жол

Дүниеге келген әрбір адам осы өмірде белгілі бір жақсы із қалдыруға тырысады. Алдына үлкен-үлкен мақсаттар қояды. Осы тұста оған дұрыс жолды табуға, әлбетте жоғары оқу орындарының тигізетін әсері ерекше. Мектепті енді бітірген оқушыны одан әрі жан-жақты дамытатын, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын, белсенділік қабілетті арттыратын, сонымен қатар, ең бастысы жеке мамандық бойынша жетік білім мен мамандығына деген қызығушылығын одан әрі арттыратын, ол – дұрыс таңдалған жоғары оқу орны.

Бүгінгі таңда жоғары біліммен қамтамасыз ететін білім ордасы еліміздің әрбір қаласында дерлік орналасқан. Жоғары оқу орындарының саны жетерлік дәрежеде. Міне солардың ішінен дұрыс таңдау жүргізу, ол тікелей білім алушыға байланысты. Қазіргі таңда, жастар арасында туындап жатқан білім сапасының төмендеуі мәселесін де шеше алатын оқу орны, анағұрлым көп тәжірибеге ие, әрі сабақ беруде жан-жақты дамыған маманның жасайтын ісі, студенттерге дұрыс жол бастай алу қабілетінің жоғары дәрежеде болуы университеттің негізгі құралы болып табылады.

Өз тәжірибемге сүйене отырып, ҚазҰУ-ды таңдағанымға мақтанамын. Бүгінгі таңда ұлттық университеттің еліміздегі білім сапасын арттыруда үлкен орынға ие. Жыл сайын мемлекет тарапынан арнайы білім алушыларға арнап көптеген гранттар бөлінеді. Және де, ол білімді әрі өнегелі ұрпақтың көбеюіне өз септігін тигізетіні анық. Соңғы жылдары әлемдік рейтинг бойынша ұлттық университетіміз жоғары орын иеленіп жүр. Мысал келтіретін болсақ, 2020 жылдың жалпы шешімі бойынша ол ең жоғары 210 университет ішінен орын алды. Бұл біздің жетістігіміз ғана емес, еліміздің жетістігі. Университетіміз бұл дәрежеге әбден лайықты. Бұл жерде қаншама жылдар бойы мұғалімдердің төккен тері мен университет ұжымының

ыждахаттылықпен алдыға басқан әрбір қадамы, әрине мақтауға тұрарлық.

Сонымен қатар, заманның талабына сай болып, жастарда білімге деген құштарлық пен қызығушылығын арттыратын және жоғарыда айтып кеткен мәселелерді шешу, бұл тек үздіктердің үздігінің қолынан келеді. Және бұл ұлттық университеттің алдына қойған миссияларын айқындайды.

Біз осы серпінмен еңбектеніп дамытын болсақ, болашақта әлем елдерінің жоғары ондығынан да көрінетінімізге сеніміміз мол. Бізге дейінгі жасалған еңбектерді бағалай отырып, бұдан бұлайғы жасалуы керек іс-әрекет біздің жауапкершілігімізде екенін мойындауымыз керек. Соған қарай, болашақта университетіміздің одан әрі өркендеуіне, шарықтауына өз үлесімізді қосамыз деп білеміз.

Болашақ студенттер мен ғылым жолын жалғастырғысы келетін барлық жастарға айтарымыз, ұлттық университетті таңдай отырып, сіздер ғылым ордасында үлкен сәтті қадамдар жасауыңызға сеніміміз мол.

А.М. ҚОЖАБАЙ,

педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты,

А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ,

п.ғ.д., профессор

Қазақ халқы үшін «қара шаңырақ» ұғымы таңсық емес. Бұл сөзді қазақ отбасының символы, айшықтап тұратын нышаны десек болады. Ал бұл ұғымды қазіргі таңда ҚазҰУ жастары өз білім ордасын атауда қолданады. Шынымен де, ұлттық білім беру ордасы өз кезегінде талай дүлдүлдер мен данышпандарды қанат қақтырғаны белгілі.

Тарихы тереңде жатқан ғылым ордасынан «мен, мен деген адамдар» да шықты. «Осы университеттің білімгері» деген мәртебені иеленгенде талай жас түлектің көзінен жас, жүрегінен жанартау атқылағаны сөзсіз! Біз мектеп қабырғасында жүріп-ақ, ҚазҰУ-дың еліміздегі ең мықты деген білім ордасы екенін білдік. Естіген мақтаулардың ақиқат екеніне университетке алғаш барғанда-ақ көз жеткіздік. «Қалай?» деген сұрақ туындайтыны заңдылық. Бұлай айтуымызға да бірнеше себеп бар. Біріншіден, біз оқитын факультет – тіл-әдебиет майталмандарының ұстаздық еткен ортасы. Біз де сол табалдырықтан аттадық. Бұл бізге рухани қолдау болды. Екіншіден, оқытушылардың білім деңгейі ең білімді деген түлектерді қанаттандыратынын нық сеніммен айта аламыз. Біз секілді қазақ жастарының санасына ұлттық рух пен ұлттық кодты дарыта алды деп білеміз. Әр ұстаздың дәріс беру барысы, сөз саптауы, студенттермен қарым-қатынасы әр түрлі. Бірақ та олар осы қасиеттерімен ерекшеленеді. Яғни сол арқылы студент жадында ұстаз ретіндегі өзіндік имиджді қалыптастыра алды. Үшіншіден, оқудан тыс мәдени, қоғамдық шаралардың өзі жан-жақты тұлға қалыптастыратыны белгілі. Төртіншіден, көп оқу орнынан артықшылығы – өз алдына қалашық болып қалануы. Қалашыққа келсеңіз, бәрін табасыз. Салтанатты сарайды да, кітаптар қорын да, «Керемет» атты

ҚазҰУ-дан алар тағымалы мол



студенттерге қызмет көрсету орталығын да, тіпті спорттық кешенді де көре аласыз. Міне, біз оқитын ҚазҰУ – осындай!

Ендігі кезекте өзіміз оқуға түскен мамандық турасында айтсақ. Біз болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушыларымыз. Йә, көбі «қазақ тілі несі, оны не істейді» дейтін де шығар. Яки ең оңай пән ретінде көреді. Алайда септік пен жіктеуді, сөйлем мүшелерін ажырата алмайтынымен хабары жоқ. Әр мамандықтың өзіндік қиыншылығы болатыны сөзсіз. Сондықтан ешкімнің сөзін елемей, өз қалауымызға адалдық таныттық. Филология және әлем тілдері факультетінің студенті атандық. Біздің факультет – оқу ордамыздың ең мықты деген факультеттерінің бірі. Себебі бізде қазақи мәдениет пен тәрбиені бойға сіңдіріп, ұлттық танымды ойға сіңірген жастарды оқытып шығарады. Бұл жолда көптеген ұстаздар еңбек етуде. Олар жас талапкерлердің «бетінен қақпай, белінен буып», өздерінің

Казакский Национальный университет имени аль-Фараби является центром знаний и возможностей для тех, кто желает получить прекрасное образование и путевку в жизнь.

ЦЕНТР ЗНАНИЙ

В 1934 году был заложен фундамент Казахского государственного университета имени С.М. Кирова. С тех пор вуз прошел большой путь развития, был переименован в КазНУ им. аль-Фараби, став крупнейшим, признанным центром науки и образования.

Сегодня в нашем университете обучаются более 25 тысяч студентов и магистрантов по многоуровневой системе высшего профессионального образования. В университете, состоящем из 16-ти факультетов, работает около трех тысяч преподавателей.

Казакский национальный университет имени аль-Фараби имеет статус ведущего классического вуза Казахстана. Крупнейший центр образования и науки Казахстана – национальный лидер в инновационном развитии высокопрофессионального, послевузовского образования и науки. По результатам исследования международного рейтингового агентства QS в 2011 году КазНУ занял 499 место среди 800 лучших университетов мира, в 2013 году – 299 место. В 2018 году университет занял 220 место, а в 2020 году совершил феноменальный прорыв, поднявшись в глобальном рейтинге QS на 165 позицию.

Университет первым среди вузов страны стал лауреатом Премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества». Известный кампус Казахского национального университета имени аль-Фараби расположен в верхней части Алматы, недалеко от гор, с одной стороны – Ботанический сад, с другой – Есентай. На территории

есть вся необходимая инфраструктура для студенческой жизни. Кампус также включает в себя учебный корпус, общежития, спортивный комплекс, библиотеку Аль-Фараби – вторую по величине библиотеку в Казахстане. В Центре обслуживания студентов «Керемет», не имеющего аналогов в стране, есть паспортный стол для студентов, пункт регистрации для контроля учебного процесса, студенческое отделение.

Университет находится в тесном контакте с более чем 200 университетами мира и осуществляет обмен опытом между студентами. Один из ведущих университетов страны благодаря сильному профессорско-преподавательскому составу обеспечивает высокий уровень обучения.

Четыре года назад я стала студенткой этого замечательного вуза, поступив на специальность «финансы» и ни разу не пожалела об этом. Во время учебы я поняла, что сделала правильный выбор университета.

Хочу сказать выпускникам школы, что помимо профессии, которая им нравится и принесет пользу в будущем, в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби они получают прекрасную студенческую семью, друзей, качественные знания и путевку в новую, яркую жизнь.

Элина ФАЗИРОВА,

студентка 4 курса ВШЭБ

аға-оқытушы Шоқан Шортанбаев ағай басшылық етуде.

Біздің топқа Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі қалыптасу тарихы мен зал экспонаттары туралы мәлімет жинау тапсырылды. Біз бұл тапсырманы да тиянақты орындап шықтық. Музейді өз көзімізбен көріп, ішіндегі әдеби мұрамен де таныстық. Музей үйдің қорында ғалым өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжаттар, 300-і мемлекеттік мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттер бар. Ғалымның шығармашылық мұрасы, мемлекеттік қызметі және қоғамдық қайраткерлігіне қатысты тақырыптық экспозициялар негізінде экспонаттар жасақталған. Тарихи тұлға саналы ғұмырында қазақ ұлтының жері, тілі, діні, мәдениеті үшін күрескендіктен 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылғаны жөнінде мұрағаттық деректер топтастырылған. Бұл музей-үй – ұлт зиялысының тарихын таныстырар бірден-бір мекен. Сондықтан да музей-үй мемлекет тарапынан қолдау алып, одан әрі қарқындалуы керек. Бұл мекен – жастарға рухани құндылық сыйлайтын мекен. Алдағы уақытта болатын Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын жоғары дәрежеде тойлап, әлемдік деңгейде алаш қайраткерін ардақтауымыз керек. Бұдан бөлек тағымалы да барысында ұлт зиялысының өмірі мен шығармашылығы турасында жазылған еңбектермен, монографиялармен, мақалалармен таныстық. Ғылыми мақалаларды іздестіру жолдарын, сұрыптап талдауды да үйрендік.

Әмір АЛТЫН,

қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті,

Райхан ИМАХАНБЕТ,

ф.ғ.к., аға оқытушы

В рамках празднования 30-летия Независимости в Государственном историко-культурном и природном музее-заповеднике

«Танбалы» был открыт филиал кафедры археологии, этнологии и музеологии КазНУ им. аль-Фараби

НАУЧНЫЕ ВЫСОТЫ

КазНУ им. аль-Фараби располагает мощным научно-техническим потенциалом, сложившимся в результате сплава научного наследия советских времен и развития отечественных научных исследований в эпоху независимости.

В ведущем университете страны на протяжении всей его истории успешно развивались общественные науки. Многие работы университетских ученых получили мировое признание, в том числе в химии, биологии и других отраслях науки. С обретением республикой в 1991 г. независимости перед Казахстаном встала задача формирования своей собственной научной базы, а КазНУ как передовой университет заложил основу развития науки, наладил научные связи с мировыми университетами и научными организациями. Одним из таких перспективных направлений являются совместные работы с Тянь-Шаньской высокогорной научной станцией (ТШВНС) ФИАН, которая работает с 1960-х годов и расположена в 30 километрах южнее Алматы.

О сотрудничестве с КазНУ так вспоминает Юрий Вавилов: «С вашим замечательным университетом у меня давние научные и творческие связи. Наше сотрудничество с лабораторией вариаций космических лучей (ЛВКЛ) физического факультета тогда еще КазГУ, а теперь КазНУ, начатое еще в 60-х годах прошлого столетия директором Долгопруденской научной станции Физического института им. П.Н. Лебедева РАН доктором физико-математических наук, профессором Юрием Ивановичем Стожковым, продолжается более 40 лет. Мы совместно проводим стратосферное зондирование потоков космических лучей, и на протяжении 30 лет участвуем в совместных научных антарктических экспедициях. Сотрудники ЛВКЛ вашего университета проходят стажировку на научной станции Физического института, у нас очень много совместных с КазНУ им. аль-Фараби научных публикаций и исследований. Хотелось бы поблагодарить ученых крупнейшего и старейшего университета Казахстана за

долгосрочность наших научных связей и выразить уверенность в незыблемости и плодотворности нашего научного сотрудничества».

ТШВНС ФИАН в настоящее время развивает новые направления, которые включены в международные программы.

Среди групп участников есть специалисты ЛВКЛ (докторанты и преподаватели КазНУ им. Аль-Фараби). Совместными усилиями в рамках ПЦФ № BR05236494 «Фундаментальные и прикладные исследования в смежных областях физики земных, околоземных и атмосферных процессов и их практическое применение» запустили на Тянь-Шаньской научной станции новые экспериментальные установки «Толчковая Установка», «Хроно-трон», предназначенные для изучения космических лучей – потоков элементарных частиц из космоса.

Установкостроены специально для регистрации излучения заряженных частиц широких атмосферных ливней (ШАЛ), каскадов вторичных частиц, которые возникают от «удара об атмосферу» частиц, прилетающих на Землю в составе космических лучей. С помощью новой установки специалисты станции намерены проверить факт существования тонкой структуры космических лучей при энергиях выше 1016 электронвольт.


Кроме того, сотрудники КазНУ планируют участвовать в программе «Горизонт», которая позволяет исследовать самые высокоэнергичные частицы, а это актуальная задача современной физики.

Н.О. ЕРЕЖЕП,
преподаватель КТЯФ, PhD докторант,

А.И. ЖУМАБАЕВ,
преподаватель КТЯФ, PhD докторант

Университетімізде 6-9 сәуір аралығында жас ғалымдар мен студенттердің дәстүрлі «Фараби әлемі» конференциясы өтті. Мәселен, философия және саясаттану факультетінде бағдарлама бойынша 8 секция өз жұмысын атқарды. Соның бірі философия кафедрасының «Қазіргі жастардың құндылықтық әлемі: тәуелсіздік тағылымы» атты секциясының жұмысына 33 баяндамашы қатысты.

ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІ



Секция жұмысына қатысуға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Қазақ ұлттық өнер университетінің, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің жас ғалымдары мен студенттерінен өтініш қабылданды. Онда тек философия мамандығының ғана емес, сонымен қатар философияға қызығушылық танытқан химия және химиялық технология, механика-математика, медицина факультетінің студенттері де белсенділік танытты.

Конференция жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми және танымдық қызметін ынталандыру, студенттер мен жас ғалымдарды заманауи ғылыми мәселелерді шешуге қызықтыру, шығармашылық қабілеттерін ашу, талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау және студенттердің зияткерлік әлеуетін қалыптастыруды өз жұмысында басшылыққа алады.

Осы мақсат-міндеттерді көздеген онлайн-конференция мазмұнды баяндамалар, ғылыми дискуссия, қызу талқылаулармен жоғары деңгейде өтті. Конференция қорытындысы бойынша студенттердің ғылыми жұмыстары әр түрлі марапаттауларға ұсынылды. Ерекше қызығушылық туындатқан баяндамаларды атап өтсек, 3 курс докторанты Бану Қалдаеваның «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығындағы әйел бейнесі» тақырыбына арналған баяндамасы. Докторант өз зерттеуінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, атап айтқанда, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов шығармашылығындағы әйел бейнесі қарастырған. Осы кезеңдегі қазақ әйелі бейнесін сомдайтын туындылардың бір қатары дүниеге келген. Соның ішінде, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнесі», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармаларында әйел теңсіздігінің өзекті мәселелері көтерілгендігін атап өтеді.

Философия мамандығының 3 курс студенті Дамир Каримов философия үшін тың тақырып «Юст Липсидің «дисциплинарлы қоғам» концепциясы және дәстүрлі түрік этикасына» салыстырмалы талдау жасаған. Бұл баяндамада автор, неостоиқ Юст Липсидің «Дисциплинарлы қоғам» концепциясы мен түркілік дүниетанымындағы

этиканы саяси философиялық тұрғыдан негіздеп, қалыптасу контекстін, өзектілігі мен маңыздылығын ғылыми теориялық жағынан жан-жақты қарастырған.

Қазіргі таңдағы қоғамның рухани жаңғыруы аясында ерекше құндылыққа ие болатын зерттеулердің бірі – философия мамандығының 3 курс студенті Жәнібек Қаниятовтың «Мырзалар элитасы әлеуметтік институт ретінде» тақырыбындағы ғылыми баяндамасы қызу талқыға түсті. Бұл зерттеудің мақсаты – Қазақ философиясының негізінде Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген әлеуметтік стратификацияның ерекше тобы – мырзалар элитасының әлеуметтік-саяси болмыстық континуумын негіздеу. Студент өз баяндамасында қазақтың би-шешендері, жыраулар философиясындағы гуманистік-этикалық ойлар дамытылып, «мырзалардың» әлеуметтік-саяси мән-мәртебесі мен аксиологиялық тұғырнамасы жасалады.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің 2 курс студенті Лаура Боранбаева өз баяндамасында тәуелсіздік жылдарындағы жастардың құндылық бағдарының өзгеруін қарастырған. Тақырыпты зерттеу барысында студент кішігірім сауалнама жүргізіп, мазмұнды талдау жасаған.

Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар мамандығының 2 курс студенті Салтанат Тауапқыева өз баяндамасында ақиқат ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығындағы өмір философиясын көтерді. Студент бұл мақаласында қазақ халқының ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың лирикалық өлеңдері тек қана қыр толғау ғана емес, сонымен қатар философиялық мән-мағынаға толы екендігін негіздеді.

Жас ғалымдар мен студенттердің «Фараби әлемі» халықаралық конференциясы аясында «Қазіргі жастардың құндылықтық әлемі: тәуелсіздік тағылымы» секциясы өз жұмысын нәтижелі өткізді деп айтуға толық негіз бар. Әлемді жайлаған індет пен, қашықтықтан оқыту үдерісі жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми ізденісін бәсеңдете қоймағаны бізді ерекше қуантатын жағдай.

Назгүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
философия докторы (PhD),
философия кафедрасының
аға оқытушысы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӘМІРҒАЛБЕКОВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарымайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.